

Жолаушылар мен багажды қалалық (ауылдық) қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланатын тарифті белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 9 желтоқсандағы № 16879 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 желтоқсанда № 7888 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 3068 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 01.09.2023 № 3068 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 19-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 50-бабына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жолаушылар мен багажды қалалық (ауылдық) қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланатын тариф келесі мөлшерде белгіленсін:

жол ақысын ұялы байланыс операторының көрсетілетін қызметтері арқылы немесе электрондық жол жүру картасы арқылы қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде - 85 (сексен бес) теңге;

жол ақысын қолма-қол ақшамен төлеу кезінде - 90 (тоқсан) теңге.

2. "Жолаушылар мен багажды қалалық (ауылдық) қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауға сараланатын тарифті белгілеу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 25 маусымдағы № 15619 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7539 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкісінде 2020 жылғы 1 шілдеде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н. Налибаев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қызылорда қалалық

*мәслихатының аппараты”
мемлекеттік мекемесімен*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК